

# ...н
# ...ында
# ...ı тұр

36 мың тонна, авиа-
мың тонна, сондай-
ң тоннадан астам
й өнімдері өндірілді.
көнелту мұнай жаб-
ардан түскен тапсы-
йкес уақтылы жүзе-
/да және тәулігіне
мың тоннаны құрай-
2 мың тоннасы
облысына жөнел-
себептен, «ПҚОП»
ппынан тапшылық-
уына ешқандай не-
нымен қатар, Шым-
ҮРкістан облысына
дерін тиеу мәселесі
ШС басшылығының
алынған.
ı жылдың 8 жел-
жағдай бойынша
блысындағы мұнай
ағы АИ-92 маркалы
дықтары 15,4 мың
райды, бұл облыс-
ік тұтынуына тең.

# «ПетроҚазақстан» «Парыз» байқауының жеңімпазы атанды

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС «Парыз-2021» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі Республикалық байқауының «Ең үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша жеңімпазы атанды. Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жұмыскерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.**



«Парыз» байқауы – бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік мәселелерді шешуіне назар аудару, осы саладағы оң тәжірибені көрсету және кеңінен тарату – байқаудың басты мақсаты болып табылады. «Парыз» байқауы 2008 жылдан бері аймақтық және республикалық деңгейлерде жыл сайын өткізіліп келеді.

Шымкент мұнай өңдеу зауыты үшін «Парыз-2021» сыйлығы жұмыскерлерді әлеуметтік қорғаумен қатар тиімді өндірістің өсуіне ықпал ететін кәсіпорындағы еңбек қатынастарының теңдестірілген жүйесінің жоғары бағасы болып табылады. «ПҚОП» ЖШС бірнеше рет жоғары президенттік марапаттарға ие болды. Зауыттың экологиялық саясаты 2011 және 2016 жылдары «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша «Алтын Парыз» сыйлығымен екі рет бағаланды.

Өндірістік нысандардағы экологиялық қауіпсіздік – компанияның бірінші кезектегі міндеттерінің бірі. Табиғатты тиімді пайдалануға инвестиция салу арқылы «ПетроҚазақстан» компаниясы барлық өндірістік нысандардағы және іргелес жатқан аумақтардағы экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым нысандарын салуда.

Өндірістік процестердің қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында Компания халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетін, ресурс үнемдейтін технологиялар мен процестерді енгізуге, табиғат қорғау іс-шараларына жыл сайын айтарлықтай қаржы бөледі.

«ПҚОП» ЖШС әлеуметтік экологиялық жобаларға белсенді қатысады. Кәсіпорын аумағында және санитарлық-қорғалатын аймақта ағаш көшеттері мен жасыл желектерді отырғызу бойынша жыл сайын акция өткізеді.

Ірі экологиялық оқиғаларды болдырмау, атмосфераға шығарылатын шығарындылар бойынша талаптарды, ағызынды суларды және қатты-тұрмыстық қалдықтарды өңдеу талаптарын сақтау, қалдықтарды азайту, өңдеу және қайта пайдалану – компанияның табиғатты қорғау қызметіндегі басым бағыттарының бірі болып табылады.

**«ПҚОП» ЖШС**
**Баспасөз қызметі**